

## Алтынсарин атындағы Қазақ білім мәселелері институтын қайта ұйымдастыру туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 тамыз N 1244. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1998.03.24. N 256 қаулысымен. ~P980256

Басқаруды жетілдіру, мемлекеттік ұйымдардың жүйесі мен штаттарын оңтайландыру және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алтынсарин атындағы Қазақ білім мәселелері институты Республикалық оқу-әдістемелік кабинетіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік ұйымдардың 1997 жылға арналған шығыстар сметасына өзгеріс енгізсін.

Көрсетілген өзгеріс 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүргізілсін.

3. Мыналадың күші жойылған деп танылсын:

"Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтын қайта құру және "Білім" ғылыми-педагогикалық бірлестігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы N 477 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 22, 282-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы N 477 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1551 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 36, 453-құжат).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі